

Жұмыссыздарды кәсіби даярлауды, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды үйымдастыру мен қаржыландыру тәртібі туралы

Күшін жойған

Атырау облысы әкімиятының 2004 жылғы 26 қаңтардағы N 25 шешімі. Атырау облыстық әділет Департаментінде 2004 жылғы 27 ақпанда N 1861 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2011 жылғы 4 қазандағы N 288 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2011.10.04 N 288 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 "Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңын жүзеге асыру шаралары туралы" қаулысын орындау мақсатында облыс әкімияты қаулы етеді:

1. Жұмыссыздарды кәсіби даярлауды, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды үйымдастыру мен қаржыландыру тәртібі бекітілсін (тіркеледі).

2. Атырау қаласы және аудандар әкімдері жұмыспен қамту бағдарламасын жергілікті бюджетте қаралған қаржы есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етсін . < * >

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Атырау облыстық әкімиятының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 265 қаулысымен.

3. Облыстық әкімияттың 2003 жылғы 6 қаңтардағы N 6 "Қоғамдық жұмыстарды, жұмыссыздарды кәсіби даярлауды, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды үйымдастыру мен қаржыландыру тәртіптері туралы" қаулысының күші жойылды деп танылсын (облыстық әділет басқармасында 2003 жылы 7 ақпанда N №1300 болып тіркелген).

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М. Байғожинге жүктелсін.

Облыс әкімі

Облыс әкімиятының 2004 жылғы
26 қаңтардағы N 25 қаулысына қосымша

Жұмыссыздарды кәсіби даярлауды, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды үйымдастыру мен қаржыландыру тәртібі

Осы тәртіп Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 "Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты

"жұмыспен қамту туралы" Заңын жүзеге асыру шаралары туралы" қаулысын іске асыру мақсатында жасалды.

1. Жалпы ережелер

1. Жұмыссыздарды кәсіби даярлау, біліктілігін арттыру және қайта даярлау жұмыссыздарды әлеуметтік қорғау шарасы болып табылады және олардың еңбекрыногындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

2. Жұмыссыздарды кәсіби даярлау, біліктілігін арттыру және қайта даярлау:

1) мамандығы жок, мамандық алғысы және сол мамандық бойынша жұмыс істегісі келетін жұмыссыздарды даярлауды (бастапқы кәсіби білім беру);

2) жұмыссыздардың кәсіби шеберлігін жетілдіру, неғұрлым жоғары разрядтар (сыныптар, санаттар) алу және өндірістік қажеттілікті ескере отырып, үдемелі техника мен технологияны зерттеу және игеру мақсатында біліктілігін арттыруды (к о с ы м ш а б і л і м);

3) егер жұмыссыздарға кәсіптері бойынша лайықты жұмыс ұсынылмайтын болса, не олар белгілі бір кәсіптер (мамандықтар) бойынша жұмысты орындау қабілетін жоғалтқан болса, оларды жаңа кәсіптер (мамандықтар) алу мақсатында қайта даярлауды, қайта оқыту қамтиды.

2. Жұмыссыздарды кәсіби даярлауды, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды ұйымдастыру мен жүзеге асыру

3. Жұмыссыздарды кәсіби даярлау, олардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі үәкілдегі органын (бұдан әрі - үәкілдегі орган) жолдамасы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беру үйымдарында немесе білім беру қызметіне құқығы бар кәсіпорындарда (бұдан әрі - үйымдар) жүргізіледі.

4. Облыстық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы жұмыссыздарды кәсіби даярлауды, олардың біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды жүргізу үшін үйымдарды іріктеуді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізеді.

Үәкілдегі орган жұмыссыздарды кәсіби даярлауда, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды жүзеге асыру үшін үйымдарды іріктеу кезінде:

1) үйымдардың білім беру қызметін мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарттардың талаптарына сәйкес жүзеге асыруын;

2) жұмыс берушінің жұмыс күшінің сапасына, сондай-ақ жұмыссыздарды кәсіби даярлауға, олардың біліктілігін арттыру және қайта даярлауға қоятын талаптарына сәйкестігін;

3) өндірістік практиканы үйымдастыруға қатысуын;

4) білім беру қызметіне лицензиясының болуын ескереді. <*>
Ескеरту. 4-тармақта өзгерістер енгізілді - Атырау облыстық әкімиятының
2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 265 қаулысымен.

5. Жұмыссыздарды кәсіби даярлау, олардың біліктілігін арттыру, қайта даярлаудың ұзақтығы, шарт тараптарының құқықтары мен міндеттері шарттарға сәйкес оқу бағдарламасына қарай белгіленіп және:

1) жұмыссыздарды бастапқы даярлау мен қайта даярлау ұзақтығы алты айдан ;

2) жұмыссыздардың біліктілігін арттыру - үш айдан аспауы тиіс.

Кәсіби окуда жүрген жұмыссыздарды окудан шығаруды оқу орындары белгіленген тәртіппен уәкілетті органды алдын ала хабардар етіп жүргізеді.

Жұмыссызды окудан шығарған кезде білім беру ұйымы осы жұмыссыздық оқу мерзіміне төленген оқу ақысына қайта есептеу жүргізеді, бұл ретте көрсетілген қызметтердің нақты орындалған қызмет көлеміне ғана ақы төленеді.

3. Жұмыссыздарды кәсіби даярлауды, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды қаржыландауды

6. Жұмыссыздарды кәсіби оқыту құнын төлеу жергілікті бюджет қаражаты е с е б і н е н жүргізіледі .

7. Жұмыссыздарды кәсіби оқыту құны білім беру мекемесінің шотына ақшаны ай сайын аудару арқылы төленеді.

8. Уәкілетті органдар білім беру ұйымдарына немесе кәсіпорындарға жіберген жұмыссыздарды (мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі оқуды қоспағанда) кәсіби даярлау, олардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау шығыстары жұмыссыздарды кәсіби даярлау, олардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау жөнінде қызмет көрсетуге арналған шарттарға сәйкес белгіленген тәртіппен жұмыспен қамтудың жергілікті бюджеттік бағдарламасы шеңберінде қаржыланадырылады .

9. Жұмыссызды кәсіби даярлау олардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау құнына оқытумен тікелей байланысты шығындардан басқа, тұруға, тамақтануға, медициналық қуәландыруға және аймақ шегіндегі оқу орнына баратын жолға арналған шығындар бес еселенген есептік көрсеткіш мөлшерінде қ а р а л а д ы .

Бұл қаражаттар оқу мерзімі аяқталған соң, сабакта қатысу табеліне сәйкес жұмыссыздардың жеке есеп шотына аударылады.

Кәсіби даярлығын, біліктілігін арттыруды және қайта даярлығын себепсіз тоқтатқан жұмыссыз азаматтарға бұл қаражаттар төленбейді.

10. Уәкілетті органдар мемлекеттік білім беру мекемелеріне жіберген

жұмыссыздарды бастапқы кәсіби даярлаумен байланысты шығындар осы мемлекеттік мекемелерді ұстauға қаралған шығындар сметасында ескеріледі.

4. Бақылау және есептілік

11. Уәкілетті органдар оқу орындарының оқыту мерзімдері мен сапасының сақталуын бақылауды жүзеге асырады. Жергілікті білім беруді басқару органдары ұйымдардың оқу жоспарлары мен бағдарламаларының орындауын бақылауды жүзеге асырады, жұмыссыздарды кәсіби даярлауды, олардың біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды ұйымдастыру жөніндегі жұмысқа талдау жасайды және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарға
ақпарат береді.

12. Кәсіби даярлауды, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды ұйымдастыру кезінде уәкілетті орган:

1) кәсіби даярлауға, біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға жіберілген жұмыссыздардың есебін жүргізеді;

2) белгіленген нысан бойынша айлық, тоқсандық, жарты жылдық статистикалық есептілікті жүргізеді;

3) белгіленген мерзімдерде кәсіби даярлауды, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды ұйымдастыру жөніндегі статистикалық есептілікті жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі орталық атқарушы органға ұсынады.